

"Еңбекақы төлеу жүйесі туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрінің 2002 жылғы 19 наурыздағы N 76-п бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 1 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1807. Күші жойылды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2004.06.04. N 190-п бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" 2002 жылы 11 қаңтардағы N 41 қаулысын орындау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған орман, балық, аңшылық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау саласының бағыныңқы ведомстволық мемлекеттік ұйымдарының мемлекеттік қызметші емес қызметкерлері үшін мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеу Ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Басқару және қаржы департаменті директорының міндетін атқарушы А.Р. Үмбетоваға жүктелсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді және 2002 жылғы 1 қаңтардан басталған қатынастарға таратылады.

Министр

Келісілді

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігінің

2002 жылғы 19 наурыздағы

Қазақстан Республикасы

Табиғи ресурстар және

қоршаған ортаны қорғау

министрінің

2002 жылғы 19 наурыздағы

N 76 - п б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілді

Орман, балық, аңшылық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау саласының мемлекеттік ұйымдарының мемлекеттік қызметші емес қызметкерлері үшін мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеу Ережесі

1. Осы Ережелер орман, балық, аңшылық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау саласының мемлекеттік ұйымдарының мемлекеттік қызметші емес қызметкерлері үшін мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеу тәртібі мен ш а р т ы н р е т т е й д і .

2. Мамандығы бойынша жұмыс стажына орман, балық, аңшылық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау саласының мемлекеттік ұйымдарында және тәуелсіз басқа да ұйымдарда ұйымдық-құқық нысанына байланыссыз істеген барлық жұмыс уақыты кіреді, сондай-ақ:

1) сол мамандығы бойынша мемлекеттік қызметте болған;

2) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, офицерлік құрамдағы адамдардың, прапорщиктердің, мичмандардың, Қарулы күштердегі мерзімсіз қызметтегі әскери қызметшілердің, ішкі, шекара әскерлерінде, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс басқармалары органдарында және бөлімшелерінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзету қызметінде және Қазақстан Республикасының Республикалық ұланында міндетті әскери қызметін өткерген, сондай-ақ интернационалдық борышын орындаған, оның ішінде тиісті құжаты барында әскери қызметкерлердің тұтқында болған;

3) Қазақстан Республикасы мен бұрынғы ҚСР Одағының прокуратура органдарында, ішкі істер органдарында, соттарында, ҚСРО-ның мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдарында, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары мен бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінде еңбек сіңірген жылдарына үстемақы алу құқығын беретін лауазымдарда жұмыс істеген у а қ ы т ы к і р е д і ;

4) Қазақстан Республикасы Парламентінің, Мәслихат депутаты өкілеттігін жү з е г е а с ы р ғ а н у а қ ы т ы ;

5) екі қабат және бала туғанға байланысты демалыс, сондай-ақ заңдарға сәйкес баланы күту жөніндегі жалақыны сақтамай қосымша демалыс уақыты;

6) жұмыстан дұрыс шығармаған кезде лажсыз жұмыссыз жүру немесе басқа жұмысқа ауысу және кейінірек Министрліктің мекемелерінде жұмысқа тұру;

7) оның мемлекеттік ұйымдардың жолдамасымен кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында жұмыстан қол үзіп оқыған;

8) егер шетелге жіберер алдында қызметкер мамандығы бойынша мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істеген болса және көшу уақытын қоспағанда, шетелден қайтып келген күнінен бастап екі айдың ішінде мемлекеттік органға қызметке тұрса, шетелде жұмыс істеген;

9) оның еңбек қызметі өткен ұйымдардағы мамандықтармен бірдей қызмет саласына байланысты емес лауазымдарда жұмыс істеген уақыты кіреді.

3. Осы Ережеге сәйкес есептелетін мамандық бойынша жұмыс стажы күнтізбелік есептеуде ескеріледі.

4. Қызметшілердің күнтізбелік ай уақытында лауазымдық жалақысын көтеру құқығы болғанда лауазымдық жалақы стажды есепке алумен бірге осы құқықтың берілген күнінен бастап жүзеге асырылады.

5. Қызметкерлердің мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеу үшін еңбек

қызметін растайтын негізгі құжаттар болып еңбек кітапшасы (ол бар болса) немесе еңбек шарты немесе жұмысқа қабылдау мен жұмыстан босату туралы бұйрықтардан көшірме болып табылады.

6. Мамандығы бойынша жұмыс стажын және мамандықтардың еңбек стажын тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін еңбек стажын белгілеу жөніндегі комиссия анықтайды.

7. Мамандығы бойынша еңбек стажын белгілеу туралы комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді. Шешімнің көшірмесі екі данада жасалынады және бір данасы - кадр қызметіне, екіншісі - бухгалтерияға беріледі.